

Төлемдер. Банк картасымен онлайн төлем жасау

Біздің сайт интернет-эквайрингке қосылған және Сіз Қызметке Visa немесе Mastercard банк картасымен төлем жасай аласыз. Таңдалған Тауарды немесе Қызметті растағаннан кейін Банк ЦентрКредит АҚ-тың төлем беті бар қорғалған терезе ашылады, онда Сізге өзіңіздің банктік картаңыздың деректерін енгізу қажет. Карта ұстаушыны қосымша сәйкестендіру үшін 3-D Secure хаттамасы қолданылады. Егер Сіздің эмитент-банкiңіз осы технологияны қолдаса, Сіз қосымша сәйкестендіруден өту үшін оның серверіне қайта бағытталасыз. Қосымша сәйкестендірудің ережелері мен әдістері туралы ақпаратты Сізге банк картасын берген Банктен нақтылаңыз.

Онлайн төлем қызметі Visa және MasterCard халықаралық төлем жүйелерінің ережелеріне сәйкес төлем жасаудың құпиялылығы мен қауіпсіздігі қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады, ол үшін жабық байланыс арналары арқылы деректерді тексерудің, шифрлаудың және берудің ең заманауи әдістері қолданылады. Банк картасының деректерін енгізу Банк ЦентрКредит АҚ төлем бетіндегі қорғалған терезеде жүзеге асырылады.

Төлем бетіндегі өрістерге картаның нөмірін, карта иесінің атын, картаның қолданыс мерзімін, үш таңбалы қауіпсіздік кодын (VISA үшін CVV2 немесе MasterCard үшін CVC2) енгізу қажет. Барлық қажетті деректер банк картасының бетінде көрсетіледі.

CVV2/ CVC2 — бұл картаның артқы жағында орналасқан үш таңбалы қауіпсіздік коды.

Бұдан әрі сол терезеде 3-D Secure кодын енгізу үшін эмитент-банкiң беті ашылады. Егер Сізде статикалық 3-D Secure орнатылмаған болса, ол Сіздің телефон нөміріңізге SMS арқылы жіберіледі. Егер 3-D Secure коды Сізге келмесе, онда эмитент-банкiңізге хабарласуыңыз қажет.

3-D Secure – бұл интернет желісіндегі карталар бойынша төлемдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ең заманауи технологиясы. Операцияны жүзеге асыратын карта ұстаушының түпнұсқалығын бірегей сәйкестендіруге және карта бойынша алаяқтық операциялардың қаупін барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Қауіпсіздік кепілдіктері

Банк ЦентрКредит АҚ PCI DSS 3.0 қауіпсіздік стандарты бойынша Сіздің банктік картаңыздың деректерін қорғайды және өңдейді. Төлем шлюзіне ақпарат беру SSL шифрлау технологиясын қолдану арқылы жүзеге асырылады. Ақпаратты одан әрі беру ең жоғары сенімділік деңгейі бар жабық банктік желілер арқылы жүзеге асырылады. Банк ЦентрКредит АҚ Сіздің картаңыздың деректерін бізге және өзге үшінші тұлғаларға бермейді. Карта ұстаушыны қосымша сәйкестендіру үшін 3-D Secure хаттамасы қолданылады.

Егер Сізде жасалған төлем бойынша сұрақтарыңыз болса, төлем сервисінің

клиенттерін қолдау қызметіне info@bugylytrail.kz электрондық поштасы арқылы хабарласа аласыз.

Онлайн төлемдердің қауіпсіздігі

Сіз ұсынатын жеке ақпарат (аты, мекенжайы, телефоны, e-mail, кредиттік картаның нөмірі) конфиденциалды болып табылады және жария етілмеуі тиіс. Сіздің кредиттік картаңыздың деректері тек шифрланған түрде беріледі және біздің Web-серверде сақталмайды.

Интернет-төлемдерді өңдеу қауіпсіздігіне Банк ЦентрКредит АҚ кепілдік береді. Төлем карталарымен жасалатын барлық операциялар VISA International, MasterCard және басқа төлем жүйелерінің талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ақпаратты берген кезде карталық онлайн-төлемдер қауіпсіздігінің мамандандырылған технологиялары пайдаланылады, деректерді өңдеу процессингтік компанияның қауіпсіз жоғары технологиялық серверінде жүргізіледі.

Төлем карталарымен төлеу қауіпсіз, себебі:

- Авторландыру жүйесі сатып алушыға оның төлем картасының төлем деректемелері (нөмірі, қолданыс мерзімі, CVV2/CVC2) алаяқтардың қолына түспейтініне кепілдік береді, өйткені бұл деректер авторландыру серверінде сақталмайды және ұрлануы мүмкін емес.
- Сатып алушы өзінің төлем деректерін интернет-дүкеннің сайтында емес, тікелей Банк ЦентрКредит АҚ-тың авторландыру жүйесіне енгізеді, сондықтан сатып алушының карточкасының төлем деректемелері үшінші тұлғаларға қолжетімді болмайды.



Ақшалай қаражатты қайтару

Төлем карталары арқылы онлайн төлем жүргізген кезде қолма-қол ақша қаражатымен қайтаруға жол берілмейді. Қайтару тәртібі халықаралық төлем жүйелерінің ережелерімен реттеледі:

1. Тұтынушы тауарды бергенге дейін кез келген уақытта одан бас тартуға құқылы, тауарды бергеннен кейін бас тартуды 14 күн ішінде ресімдеу қажет;
2. Тиісті сападағы тауарды, оның тауарлық түрі, тұтынушылық қасиеттері, сондай-ақ көрсетілген тауарды сатып алу фактісі мен шарттарын растайтын құжат сақталған жағдайда қайтаруға болады;
3. Егер көрсетілген тауарды тек оны сатып алушы адам ғана пайдалана алатын болса, тұтынушының жеке айқындалған қасиеттері бар тиісті сападағы тауардан бас тартуға құқығы жоқ;

4. Тұтынушы тауардан бас тартқан жағдайда, сатушы оған тұтынушы төлеген ақшалай соманы тұтынушы тиісті талап қойған күннен бастап он күннен кешіктірмей қайтаруға тиіс.

Ақша қаражатын банк картасына қайтару үшін «Ақша қаражатын қайтару туралы өтінішті» толтыру қажет, оны компания талап етуі бойынша электрондық мекенжайға жібереді және оны жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін қоса бере отырып, info@bugylytrail.kz мекенжайына жібереді.

Ақша қаражатын қайтару Компания «Ақша қаражатын қайтару туралы өтінішті» алған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде банк картасына жүзеге асырылады.

Қателік кеткен операциялар бойынша ақша қаражатын қайтару үшін жазбаша өтінішпен жүгініп, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін және қате есептен шығарылғанын растайтын чектерді/түбіртектерді қоса беру қажет. Бұл өтінішті info@bugylytrail.kz мекенжайына жолдау қажет.

Қайтару сомасы сатып алу сомасына тең болады. Өтінішті қарау және ақша қаражатын қайтару мерзімі Компания Өтінішті алған сәттен бастап есептеледі және мереке/демалыс күндерін есептемегенде жұмыс күндерімен есептеледі.

Төлем жасаудан бас тарту жағдайлары:

- банк картасы интернет арқылы төлемдер жасауға арналмаған, бұл туралы Сіздің эмитент-банкiңізге жүгiну арқылы бiлуге болады;
- банк картасында төлем жасау үшін қаражат жеткіліксіз. Төлем картасында қаражаттың бар-жоғы туралы толығырақ ақпаратты банк картасын шығарған банкке хабарласып біле аласыз;
- банк картасының деректері қате енгізілді;
- банк картасының қолданыс мерзімі аяқталды. Картаның қолданыс мерзімі, әдетте, картаның алдыңғы жағында көрсетіледі (бұл карта қолданыста болатын ай мен жыл). Картаның қолданыс мерзімі туралы толығырақ эмитент-банкке жүгiну арқылы бiле аласыз.

Банк картасымен төлем жасау және сайт жұмысына қатысты басқа да мәселелер бойынша мына телефондарға хабарласуға болады: **+7708үш056ес92тоғыз.**

Конфиденциалдылық

1. Анықтамалар

www.BugylyTrail.kz (бұдан әрі – URL, «біз») интернет жобасы өз клиенттерінің және **www.BugylyTrail.kz** сайтына (бұдан әрі – «сіз», «сайтқа кірушілер») кірушілердің ақпаратының конфиденциалдылығы туралы мәселеге байыпты қарайды. Дербестендірілген деп біз сайтқа кірушінің дербес деректерін (мысалы: аты-жөні, логин немесе компания атауы), сондай-ақ URL сайтында сіздің жасаған әрекеттеріңіз

туралы ақпаратты айтамыз (мысалы: сайтқа кірушінің байланыс ақпаратымен тапсырыс беруі). Анонимді деп біз белгілі бір сайтқа кірушімен бірегей түрде анықтау мүмкін емес деректерді атаймыз (мысалы: сайтқа кіру статистикасы).

2. Ақпаратты пайдалану

Біз қызметтердің сапасын қамтамасыз ету және оларды есепке алу үшін сайтқа нақты кірушінің дербес ақпаратын пайдаланамыз. Біз URL сайтының бір келушілерінің дербестендірілген деректерін басқа сайт келушілеріне жария етпейміз. Біз ешқашан дербестендірілген ақпаратты ашық түрде жарияламаймыз және оны үшінші тұлғаларға табыстамаймыз. Мұндай ақпаратты уәкілетті мемлекеттік органдарға беру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жағдайлар ғана ерекшелік болып табылады. Біз жиналған анонимді деректерге негізделген есептерді ғана жариялаймыз және таратамыз. Бұл ретте есептер қызметтерді пайдаланушылардың дербестендірілген деректерін сәйкестендіру мүмкін болатын ақпаратты қамтымайды. Сондай-ақ, біз ішкі талдау үшін анонимді деректерді пайдаланамыз, оның мақсаты URL өнімдері мен қызметтерін дамыту болып табылады.

3. Сілтемелер

www.BuglyTrail.kz сайты біздің компанияға қатысы жоқ және үшінші тұлғаларға тиесілі басқа сайттарға сілтемелерді қамтуы мүмкін. Біз үшінші тұлғалардың сайттарында орналастырылған мәліметтердің дәлдігіне, толықтығына және анықтығына жауап бермейміз және Сіздің осындай сайттарда қалдырған ақпаратыңыздың конфиденциалдылығын сақтау бойынша ешқандай міндеттемелерді өз мойнымызға алмаймыз.

4. Жауапкершілікті шектеу

Біз осы конфиденциалдылық саясатын сақтау үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз, алайда, біздің ықпалымыздан тыс факторлардың әсері болған жағдайда ақпараттың сақталуына кепілдік бере алмаймыз, оның нәтижесі ақпаратты жария ету болады. **www.BuglyTrail.kz** сайты және онда орналастырылған барлық ақпарат ешқандай кепілдіксіз «сол қалпында» қағидаты бойынша ұсынылған. Біз қолайсыз зардаптар үшін, сондай-ақ URL сайтына рұқсаттың шектелуі салдарынан немесе сайтқа кіру және онда орналастырылған ақпаратты пайдалану салдарынан келтірілген кез келген залалдар үшін жауапты емеспіз.

5. Байланыс

Осы саясатқа қатысты мәселелер бойынша мына мекенжайға хабарласыңыз , info@buglytrail.kz

Заңды тұлға

"ULY DALA 2020" ЖШС
КОД 17, БСН/ЖСН 200540015215
"Банк ЦентрКредит" АҚ-ында

KZ518562203146230534 KZT

БСК/БИК (SWIFT) KCJBKZKX

Заңды мекенжайы: Қазақстан, 100000, Қарағанды қ., Қазыбек би ауданы,
Бұқар жырау даңғылы, 87-үй

Нақты мекенжайы: Қазақстан, Қарқаралы қ., В. Рей көшесі, 52-үй, 4-
пәтер